Республика күні 25 қазан

ЕГЕМЕН ЕЛІМ — ҚАЗАҚСТАН!

АЛАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 116 (565) // 20 қазан // сейсенбі // 2026 жыл

МАРАПАТ

ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Қонаев қаласының Мәдениет үйінде Құтқарушылар күніне орай сала мамандарына құрмет көрсетіліп, үздік қызметкерлер марапатталды. Оларға «Құтқарушы», «Еңбек ардагері» төсбелгісі, «Құтқару операциясына белсенді қатысқаны үшін» медалі мен Алматы облысы әкімінің Алғыс хаты және өзге де марапаттар табысталды.





Суреттерді түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Шараға облыс әкімі Шыңғыс Әрінов қатысып, азаматтық қорғау саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады.

«Құтқару қызметі – қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ететін айрықша сала. Олар жедел көмек көрсетумен қатар, қауіптің алдын алуға бағытталған күнделікті тынымсыз жұмысымен де ерекше қадірлі. Жоғары кәсібилік, шұғыл шешім қабылдай білу және үйлесімді әрекет қатердің бетін қайтарып, адам өмірін аман алып қалуда шешуші рөл атқарады. Осы жауапты міндеттерді сапалы орындау үшін құтқарушылардың кәсіби біліктілігін арттырумен қатар, олардың қызмет етуіне қажетті жағдайды қамтамасыз ету де маңызды. Бұл бағытта өңірімізде жаңа өрт сөндіру деполары мен бекеттерін ашуға, сондай-ақ қолданыстағы нысандарды жаңғыртып, мамандардың кедергісіз жұмыс істеуіне көңіл бөлінуде. Бұл мереке – ел қауіпсіздігі жолында еңбек етіп жүрген азаматтардың есімін ұлықтауға арналған ерекше күн. Қызмет барысында өз өмірін тұрғындардың қауіпсіздігі үшін тәуекелге тігіп келе жатқан әрқайсыңызды бейбіт күннің батырлары деп білеміз. Осы салаға саналы ғұмырын арнап, азаматтық қорғау саласында ұзақ жыл бойы еңбек еткен сала ардагерлеріне де алғысымыз шексіз. Сіздердің салған сара жолдарыңыз – бүгінгі буынға айнымас бағыт-бағдар», – деді Шыңғыс Сайранұлы.

Жыл басынан бері облыс бойынша 5 жаңа өрт сөндіру депосы пайдалануға берілді. Ал өткен жылы «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында 9 өрт сөндіру бекеті ашылды. Бұл төтенше жағдай кезінде көмекке уақытылы жетуге мүмкіндік береді. Аймақ басшысының айтуынша, алдағы уақытта да құтқару қызметінің әлеуетін арттыру, қажетті инфрақұрылымды дамыту және мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру жұмысы жалғасын табады.

Мереке қарсаңында марапатқа ие болғандардың бірі – Әбікен Мәкетов. Ол құтқару қызметінде 35 жыл бойы еңбек еткен. Қатардағы өрт сөндірушіден бастап, полковник лауазымына дейін көтеріліп, «Еңбек ардагері» төсбелгісін иеленді.

– Бұл – қиындығы мен қызығы қатар жүретін, жоғары жауапкершілікті талап ететін сала. Басымыздан түрлі жағдай өтті. Барлық кезде намысқа тырысып, адамдардың амандығы үшін жан берісіп жұмыс істедік. Біз қызмет еткен жылдар материалдық-техникалық база әлі жетілмеген кездер еді. Ал қазір төтенше жағдай кезінде қолғабыс болатын құрал-жабдықтың бәрі бар. Құтқарушы қызметіне тек батыр азаматтар ғана келеді. Сондықтан барлық азаматтық қорғау саласының саңлақтарын айтулы мерекемен құттықтаймын, – деді сала ардагері.

Марапат алғандар қатарында Қонаев қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектептің 4-сынып оқушысы Иван Зорькин де бар. Ол шаһардағы ғимараттардың бірінде тұтанған өртті ауыздықтауға үлес қосқан.

– Сол сәтте менің санамда тек «Адамдар жапа шекпесе екен» деген ой болды. Қолымнан келгенше жалынды өшіруге жәрдем бергім келді. Өзім болашақта төтенше жағдай саласында білім алып, қызмет еткім келеді. Бұл оқиға арманыма апаратын жолдың алғашқы баспалдағы болды деп сенемін, – деді ол.

Осылайша, өңіріміздің тыныштығы жолында аянбай тер төгіп, адал қызмет атқарып жүрген жандардың еңбегі еленіп, сый-құрметке бөленді.

ЖӘРМЕҢКЕ

Ауыл өнімі ұсынылды



Қонаев қаласындағы «Айша сити» базарында «Дала дәмі» атты ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өз жалғасын тапты. Қала тұрғындары мен қонақтары жаңа жиналған ауыл шаруашылығы өнімдерін, маусымдық көкөністер мен жеміс-жидектерді және басқа да отандық тауарларды қолжетімді бағамен сатып алды.

● Ерзат АСЫЛ

Таң атпай «Айша сити» базарына жиналған жұрттың қарасы қалың болды. Бірі ет алуға асықса, енді бірі көкөніс пен басқа да қажетті азық-түлікпен қамданып қалуға тырысты. Сауда қыза келе сөрелердегі өнімдер де сирей бастады. Жәрмеңкеге келген қала тұрғындарының бірі Ақмарал Әсенова ет сатып алып, мұндағы бағаға көңілі толатынын жеткізді. «Жәрмеңкеде қажетті азық-түлікті қолжетімді бағамен алуға мүмкіндік бар. Ет бағасы шарықтап тұрғанын білесіздер. Сондықтан осында ет үшін келіп, он шақты келісін алып, әжептәуір ақшамды үнемдедім. Азғантай зейнетақыға қарап отырған біз үшін мұның өзі үлкен көмек», – дейді ақ жаулықты ана.

Өнімдердің жергілікті жерде өндіріліп, тұтынушыға тікелей жетуі сапасы мен балғындығына деген сенімді арттыра түседі. Бұл турасында сөз қозғаған облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Адис Сейдакматов: «Жергілікті өнімнің делдалсыз тұтынушыға жетуі бағаның тұрақтылығына да оң әсер етеді. Мұндай жәрмеңкелер ауыл шаруашылығы саласының аймақ экономикасындағы маңызын айқындай түседі. Егін егіп, мал бағып, өнім өндіріп отырған шаруалар үшін өз еңбегінің нәтижесін тікелей тұрғындарға ұсыну – нарықты кеңейтудің бір жолы. Сонымен қатар жергілікті кәсіпкерлерді қолдау ауылдағы өндірістің дамуына, жаңа жұмыс орындарының қалыптасуына және отандық өнім көлемінің артуына ықпал етеді. Мұндағы өнімдердің барлығы сапа стандартына сай», – деді.

Алматы облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы Шымболат Құрманғали да жәрмеңкенің халық үшін маңыздылығын атап өтті. «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің бастамасымен ел аумағында өтіп жатқан «Дала дәмі» жәрмеңкесі Алматы облысы көлемінде 19 қыркүйекте басталды. Барлық аудан мен қалада әр сенбі сайын өткізілуде. Бұл игі шара бүгін Қонаев қаласында ұйымдастырылып отыр. Жәрмеңкеде 2025 жылы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес белгіленген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары сатылуда. Оның ішінде ет, сүт өнімдері, көкөніс, жеміс-жидек, дәнді-дақыл және басқа да өнімдер бар. Отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жан-жақты қолдау білдіру, өнімдерді өткізу нарығы мен мүмкіндіктерін кеңейту, тұрғындарды сапалы әрі қолжетімді отандық өнімдермен қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға тұрақтылығын сақтау бағытында қолға алынған «Дала дәмі» жәрмеңкесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, арнайы баннерлермен, логотиптермен және сатып алушы тұрғындарға арналған фотоаймақпен қамтылған. Жәрмеңкені жыл соңына дейін өткізу жоспарлануда. Өткен аптада жәрмеңкеде облыс бойынша 150 тоннадан астам тауар саудаланды», – деді ол.

Игі істен кәсіпкерлер де шет қалмады. «Дала дәмі» жәрмеңкесі – кәсіпкерлер мен шаруалар үшін өз өнімдерін таныстырып, тұтынушылармен тікелей байланыс орнатуға берілген жақсы мүмкіндік. Жәрмеңкеге өзіміздің кондитерлік өнімдерді ала келдік. Мұндағы жұрт торт, тәтті тоқаш және басқа да өнімдерімізді көптеп сатып алып жатыр. Сөредегілердің бәрі – табиғи таза өнімдер. Сонымен қоса халал сертификатына ие. Бағасы – қолжетімді. Келесі жолы тіптен көп өнім түрін жәрмеңкеге әкелуді жоспарлап отырмыз», – деді Талғар ауданынан келген Мұхит есімді кәсіпкер.

Ең бастысы – дала төсінде маңдай термен өндірілген өнімнің халыққа дер кезінде жетуі. «Дала дәмі» осы еңбектің нақты нәтижесін көрсеткен игі бастамалардың бірі болды.

Қонаев қаласы

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:

БАСПАСӨЗ – 2027

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2027 жылға газетке жазылу науқаны басталды.
Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласыңыз:
87476881741, 87082109571
«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Алаштың аманатын даралаған,
Ұлтымның ұлағатын бағалаған.
«Алатау арайына» жазылыңыз,
Көркем сөз, кемел ойды саралаған!

Жазылушылар	Индекс	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	6103,44	5742,72	12206,88	11485,44
Кәсіпорындар мен ұйымдар	14792	11872,80	7326,72	23745,60	14653,44
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5743,44	5382,72	11486,88	10765,44

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ:		
Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	5000	10000
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	4000	8000

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ:		
Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	5000	10000
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	4000	8000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Жемқорлыққа жол берілмейді



Алматы облыстық мемлекеттік кірістер департаментінде «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында түсіндіру іс-шарасы өтті. Жиында мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалық өзгерістер, мүдделер қақтығысын болдырмау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейту мәселелері талқыланды.

● Тоғжан ЖОЛДЫҒАЛИ

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Нұрсұлтан Сейдалиев және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы РМҚК Алматы облысы бойынша филиалы директоры Қазыбек Нұрсейітұлы қатысты. Спикерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру бағытындағы жаңашылдықтарға тоқталып, заң талаптарын сақтау мен қызметтік әдеп қағидаттарын ұстанудың маңызын атап өтті.

Жиында негізгі назар мүдделер қақтығысын реттеуге аударылды. Заңнамада бұл ұғым нақтыланып, «ықтимал, нақты және орын алған мүдделер қақтығысы» деген үш түрге бөлінген. Мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген тұлғаларға лауазымдық өкілеттіктерін жеке басының немесе өздеріне байланысты адамдардың мүддесі үшін пайдалануға тыйым салынады. Сондай-ақ жеке мүдделер туралы декларация тапсыру және мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда тиісті шаралар қабылдау тәртібі белгіленген.

Бұдан бөлек, жақын туыстар мен өзге де байланысты тұлғалардың мемлекеттік органдарда бірлесіп қызмет атқаруына қатысты шектеулер күшейтілді. Кадрлық процестерді цифрландыру да ықтимал мүдделер қақтығысын ерте анықтауға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары үшін көзделген жауапкершілік мәселесі де түсіндірілді. Заңсыз сыйақы алу немесе беру, кәсіпкерлік қызметке қойылған шектеулерді бұзу және мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі міндеттерді орындамау құқықтық жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған азаматтарды қорғау тетіктері мен оларды материалдық көтермелеу тәртібі таныстырылды. Азаматтар мұндай фактілер туралы тәулік бойы жұмыс істейтін 1424 Call-орталығына хабарлай алады.

Іс-шарада сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің маңызы да атап өтілді. Олардың міндетіне ұйым ішіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, мүдделер қақтығысын реттеу, контрагенттердің сенімділігін тексеру және алдын алу шараларының орындалуын бақылау кіреді. Сонымен қатар мемлекеттік органдар мен ұйымдарда ішкі талдау жүргізіп, анықталған тәуекелдерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажеттігі айтылды.

2026 жылғы 12 маусымда қабылданған заңнамалық өзгерістерге сәйкес, мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу мәселелерін қамтитын жаңа нормалар 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі. Осыған байланысты мемлекеттік органдар мен ұйымдар жаңа талаптарды алдын ала зерделеп, жұмыс тәртібіне енгізуге дайындық жүргізуі қажет.

Жалпы, мұндай кездесулер мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттырып, қызметтік жауапкершілікті нығайтуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – заңбұзушылық орын алғаннан кейін әрекет етумен шектелмей, оның туындауына себеп болатын жағдайларды дер кезінде анықтап, жою. Ал адалдық пен ашықтық қағидаттарын сақтау – мемлекеттік органдарға деген қоғамдық сенімді арттырудың маңызды шарты.

АКЦИЯ

ҚАЛДЫҚТАР КӘДЕГЕ АССА...

Қонаев қаласындағы 10-шағынауданда Тұрақты дамуға көмектесу орталығы қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Green School» жобасы аясында «World Cleanup Day – 2026» бірыңғай экологиялық акциясы өтті.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ



Алғашқы сөз кезегін алған аталған орталықтың департамент директоры Айжан Рысқұлова Қонаев қаласындағы бес мектептің оқушылары мен педагогтері бас қосқан бірыңғай экологиялық акцияның шаһардың тазалығына үлес қосып қана қоймай, қалдықтарды дұрыс сұрыптауды, командада жұмыс істеуді және табиғатқа ұқыпты қарауды үйренуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Акцияны ұйымдастыруға қолдау көрсетіп, атсалысқаны үшін облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына, Қонаев қаласының әкімдігі мен білім бөліміне, мектеп басшылары мен мұғалімдерге алғыс білдірді.

Келесі кезекте Қонаев қалалық білім бөлімінің әдіскері Серік Байшеков сөз алып, ел келешегі саналатын өскелең ұрпақтың мемлекеттің дамуы мен жаңа Конституцияда көрініс тапқан «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы шеңберінде қоршаған ортаның тазалығына үлкендермен бірге үлес қосудың маңыздылығына тоқтала келе, алтын уақыттарын бөліп, осы шараға өз еріктерімен атсалысқан мектеп оқушылары мен мұғалімдерге ризашылығын білдірді.

Экологиялық акция басталмас бұрын жоба үйлестірушісі Ирина Завьялова қатысушыларды қауіпсіздік ережелерімен мұқият таныстырып, қалдықтарды пластик, алюминий банкалар, қағаз және картон, шыны, аралас қалдықтар санаттары бойынша бөлек жинау қажет екенін айтты. Егер табылған заттың қай санатқа жататынына сенімді болмаса, педагогтен немесе үйлестірушіден сұрау керегіне оқушылардың назарын аударды. Сөзінің соңында бұл күнгі шараның мақсаты қоқыс жинау ғана емес, қоршаған ортаға ұқыпты әрі жауапкершілікпен қараудың үлгісін көрсету екенін жеткізді.

– Бүгінгі экологиялық акция «Mitsubishi Corporation Foundation for EMEA» қорының қолдауымен жүзеге асырылатын «Green School» жобасы аясында өткізіліп жатыр. Бұл жоба оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытуға, пайдалы әдеттерді қалыптастыруға және бастамаларды қолдауға бағытталған. Біз қаладағы барлық білім беру мекемелеріне осы жоба бойынша жұмыс істеуге ұсыныс жасағанбыз. Ұсынысымызды орта мектеп-гимназиясы, қазақ орта мектеп-лицейі, Қасым Қайсенов атындағы №4, №2 және №3 орта мектептер қабыл алды. Қазіргі кезде аталған бес білім ордасына ауызсуды тазартуға арналған құрылғылар орнатылып, қалдықтарды бөлек жинайтын жабдықтар қойылды. Онда жиналған қалдықтарды біздің орталықпен меморандумға отырған компания алып кетіп, қайта өңдеу зауыттарына жеткізеді. Сондай-ақ мектептерде экологиялық сабақтар мен тәжірибелік іс-шаралар өткізіледі. Бұл жобаның «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылып жатқан экологиялық ағарту және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру мақсатымен ұштасып жатқанын атап өткен жөн, – деді Тұрақты дамуға көмектесу орталығының департамент директоры Айжан Рысқұлова.

Экологиялық акция барысында әр мектептен келген оқушылар өздеріне бекітілген аумақта педагогтермен бірге жүріп, тазалық жұмысын жүргізді. Жауапты мұғалімдер оқушылардың қауіпсіздігін қадағалап, қалдықтардың дұрыс сұрыпталуын бақылап, толтырылған қаптарды жинау мен таңбалауға жәрдемдесті. Ұйымдастырушылар қоқыс салынған қаптарды бес санат бойынша санап, суретке түсіріп, қайта өңдеуге жіберуге дайындады. Тазалық шарасының нәтижесінде қаланың бес мектебінен келген оқушылар жинаған 15 қап алюминий мен 14 қап пластик қалдықтары қайта өңдеуге жөнелтілді.

«World Cleanup Day – 2026» бірыңғай экологиялық акциясы мәресіне жеткен соң, Тұрақты дамуға жәрдемдесу орталығы өкілдерінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында ортақ флешмоб, қаппен секіру және арқан тарту сайыстары өткізілді. Қатысушыларға ұйымдастырушылар тарапынан сый-сияпаттар берілді. Сонымен бірге экологиялық акцияны қолдағаны және белсене қатысқаны үшін мектеп ұжымдарына Алғыс хаттар табысталды.

АТАКӘСІП

КҮЗДЕ ДЕ ЖАЙЛАУДА!

Жамбыл ауданындағы «Дулат» шаруа қожалығының иесі Дастан Есенғазиевтің мал өсірумен айналысып келе жатқанына бірнеше жылдың жүзі болды. Атакәсіпке ден қойып, шаруасын дөңгелетіп отырған іскер жан жыл сайын жазда малын жайлауға шығарады. Биыл да бір отар қойы Кішісаз жайлауында қоң жинады.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Ол Ұзынағаш ауылына тиесілі Кішісаз жайлауы төрт түлікке өте қолайлы екенін айтады. Салқын ауасы, көк майсасы малдың күйін тез көтереді. Шопанға да өте ыңғайлы. Күн шықпай, ерте өргізіп жіберіп, алыстан бақылап отырады. Дастан Көктөбенің етегіне жылда үй тігіп, осында 4-5 айдай малын қондатады. Жайлауда 600-ге жуық қазақы тұқымды қойы бағылады. Бұрын оның атасы Ұларбек марқұм 40 жыл Ұзынағаш кеңшарының қойын баққан. Ақтылы қойды өз төлі есебінен өсірген алдыңғы қатарлы аға шопан да Көктөбенің етегін жайлаған. Атасының өмірден өткеніне 40 жылдан асты. Енді оның жұртында немересі атакәсіпті лайықты жалғастыруда.

Дастан өзімен қоса тағы екі азаматты жұмыспен қамтып отыр. Жайлаудағы малды соларға сеніп тапсырады. Өзі күн құрғатпай тауға барып, шаруа жайын қадағалап, малшылардың керек-жарағын апарып беріп тұрады. Ұзынағаш ауылдық округіне қарасты Жаңақұрылыс елді мекенінде тұратын Дастан жайлауға мотоциклмен қатынайды. Астындағы жүрдек көлігімен тауға лезде барады. Қазір мотоцикл дегеніңіз мал ұстайтын ағайынға таптырмас көлікке айналған. Жанармайды көп қажет етпейді, баратын жеріне жылдам апарады. Бұған Дастан да үйреніп алған. Етекте күн қатты ысыған кездерде Дастан тау қойнауында көбірек уақытын өткізеді.

Жайлауға шыққандар мұнда ауа райына, жердің отына байланысты қоңыр күзге дейін, шамамен қыркүйектің аяғы, қазанның басына дейін отырады. Өйткені күзгі жаңбырдан соң жер қайта көктейді. Биыл тауда шөптің шығымы өте жақсы болды. Әйткенмен, жаздың ыстығы әсер етпей қоймайды. Бұйырса, енді күзгі жаңбырдан кейін қайта көктейтіні анық.

Жамбыл ауданы

29 қараша МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Меншік иесі «Өлке тынысы» ЖШС болып табылатын «Алатау арайы» газеті (бұдан ары – газет) «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 13-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 қазандағы №60/98 «Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» қаулысына сәйкес үміткерлердің сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың шарттары мен ақы төлеу мөлшері туралы ақпаратты жариялайды.

Басылым бетіне материалдар орналастырудың жалпы шарты

Газет үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін басылым алаңдарын береді. Газеттен басылым алаңдарын беру меншік иесі мен үміткерлердің немесе олардың сенімді өкілі арасында үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған басылым алаңын беруге жасалған келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Келісімшарттың формасы мен тиісті құжаттар жазбаша өтініш тапсырылған кезде қоса ұсынылады. Мұндай келісімшарт жасау үшін үміткер немесе оның сенімді өкілі газеттің меншік иесіне келесі ақпараттарды көрсете отырып, жазбаша өтінішпен шығады:

1) кандидаттың ұсынылғанын дәлелдейтін құжаттың көшірмесі;

2) үміткердің уәкілетті өкілінің құзыретін дәлелдейтін құжаттың көшірмесі;

3) үгіттік материалдардың түрі, алатын алаңының жоспарланған көлемі көрсетілген жазбаша өтініш мазмұны;

4) қағаз (уәкілетті өкілдің көрсетілген әр парақтағы қойылған қолымен) және электронды тасымалдаушыдағы үгіттік материалдың мәтініне түсіндірме;

5) өтініш беруші үміткердің уәкілетті өкілінің жеке бас куәлігінің көшірмесі.

Газетке жазбаша өтініш осы ақпараттық хабарлама негізінде 2026 жылдың 1 қарашасынан бастап 28 қарашаға дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайынғы сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1-үй, 3-қабат, 9-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Жарияланымдарда ақпаратты берген тұлғаның аты-жөні, тегі, қаржыландыру көздері, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, олардың төленуі туралы ақпараттар болуға тиіс.

Баспалық материалдарды орналастырудың кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу реттілігіне байланысты белгіленеді. Бірнеше саяси үміткер жазған өтініштер бір мезетте түскен жағдайда газет тарапынан дәл сол күні жеребе өткізіледі. Жеребеге баспалық материалдарды орналастыру кезектілігіне таласушы үміткерлердің уәкілетті өкілдері мен таластың тәуелсіз тарабы ретінде БАҚ өкілі қатысады. Саяси партиялардың әрбір уәкілетті өкіліне ішінде баспалық материалды орналастырудың мерзімі көрсетілген, мөрленген конвертті таңдау ұсынылады. Конверттер саны таласқа қатысушылардың санымен тең болады. Жеребе аяқталғаннан кейін таласқа қатысушылар мен БАҚ өкілі жеребе хаттамасына қолдарын қояды. Жеребе нәтижесі (хаттаманың көшірмесі) тиісті сайлау комиссиясына тапсырылады.

Үгіттік баспа материалдарын беру тәртібі

Газетке үгіттік баспа материалдары басылым жарық көретін мерзімге 3 (үш) күнтізбелік күн қалғанға дейін модульдер немесе мақалалар түрінде тапсырылуға тиіс.

Материалдарда конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігін бүлдіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық алауыздық тудыруға, сондай-ақ заңмен қарастырылмаған және заңмен қарастырылған, тағы басқа да негіздерде әскерилендірілген құрылымдар құру идеялары көрініс берген жағдайда баспа бетіне орналастырудан бас тартылады. Сондай-ақ үміткерлердің абыройы мен қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпараттар болған жағдайда газет үгіттік баспа материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы. Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген басылым алаңдарын берудің шарттары мен тәртібі уәкілетті органдардың талабына сай түзетілуі мүмкін.

Төлем жасау тәртібі мен мөлшері

Үгіттік материалдарды орналастыруға арналған басылым алаңдарының бағасы:

– Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауына қатысатын үміткерлер үшін ҚҚС-ты қоса алғанда журналистік мақалалар жарияланатын беттерге модуль орналастырудың 1 шаршы см үшін 850 теңге – 1-бетке, қалған беттерге – 500 теңге;

– Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауына қатысатын үміткерлер үшін ҚҚС-ты қоса алғанда газет сайтына жарияланатын мақалалар, модуль орналастыру 1 шаршы см үшін – 425 теңге;

– Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауына қатысатын үміткерлер үшін ҚҚС-ты қоса алғанда сайттың әлеуметтік желі парақшаларына модуль, бейнеүзік, банер, тағы сол сияқтыларды орналастыру 1 шаршы см үшін – 425 теңге;

Төлем серіктестік берген есепшот негізінде сол есепшот берілген күннен басталатын 5 (бес) банктік жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Төлем газеттің басылым алаңын беру жөніндегі тиісті келісімшартта немесе есепшотта көрсетілген серіктестіктің банктік реквизиттеріне жіберіледі.

Алматы облысының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 қазандағы №60/98 «Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» қаулысына сәйкес Алматы облысының аумақтық сайлау комиссиясының құрамын, орналасқан жері туралы мәліметтерді жариялайды.

Алматы облысының аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері: Алматы облысы, Қонаев қаласы, Қойшыманов көшесі 4, тел.: 8 (72772) 2-83-81.

Электрондық пошта: tic_alm_obl@saylau.kz

Алматы облысының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Мейрамгүл Қазбекқызы Айтова

Комиссия төрағасының орынбасары – Ерзат Мұратұлы Садықов

Комиссия хатшысы – Анар Қанатқызы Қанатова

Комиссия мүшелері: Айдын Нұртайұлы Бексұлтанов, Ақмарал Қадыржанқызы, Ержан Жамалбекұлы Омарбеков, Ермек Амангелдіұлы Самсыбеков.

Жұмыс уақыты: 08.00-17.30, үзіліс: 12.30-13.30

ЖАМБЫЛ – 180

ЖАС АҚЫНДАР АЙТЫСТЫ



Жамбыл ауылындағы Мәдениет үйінде мектеп оқушылары арасындағы республикалық «Жыр алыбы – Жамбыл» атты жас ақындар айтысы өтті. Ұлттық мәдениеттің туын желбіреткен шараға еліміздің әр өңірінен 40 жас ақын келіп, екі күн бойы кестелі сөзден сынға түсті.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған сөз сайысын «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы мен облыстық білім басқармасы ұйымдастырды. Салтанатты ашылуында Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Ықылас Амалбек сөз алып, Алатаудың баурайына, жыр алыбының ауылына жиналған жас ақындарға сәттілік тіледі.

Алғашқы күнгі тақырыптық айтыста 22, екінші күнгі қайым айтыс бойынша 18 оқушы бақ сынасты. Ақындар жеребе арқылы жұпталды. Олардың Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы туралы білімдері, елдегі хал-ахуалды жырлау шеберліктері тақырыптық айтыста бағаланды. Сонымен қатар сөз қолданысы, тіл байлығы, жылдам ойлау қабілеті мен айтыс мәдениеті ескерілді.

Қазылар алқасына Айтыс ақындары мен жыршы-термешілер халықаралық одағының мүшесі, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті, Мәдениет саласының үздігі, «Алтын домбыра» иегері Еркебұлан Қайназаров төрағалық етті. Алқа құрамында Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР Мәдениет қайраткері Күмісжан Байжан, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, «Серпер» сыйлығының иегері Ержан Жұмабекұлы, Мәдениет саласының үздігі, ақын Даубай Әбдісаев пен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Оразалы Досбосынов атындағы шығармашылық орталығының директоры, Жамбыл Жабаев атындағы халықаралық сыйлықтың иегері Айтуған Жетебаев сөз сайысын бағалады.

Көсемсөз шеберлерінің киелі Жамбыл жерінде кестелі сөзден өрнек тоқуы көрерменнің зор қошеметіне бөленіп, Республика күні қарсаңында ауыл тұрғындарына тамаша тарту болды. Қазіргі жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды сақтау мен өнерді дамытуда осындай дәстүрлі шараның алар орны ерекше екені сезіледі. Бұл орайда «Жыр алыбы – Жамбыл» айтысы жыл сайын өткізіліп келеді.

Сөз сайысының қорытындысында жүзден жүйріктер анықталды. Салтанатты сәтте айтыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері екі бағыт бойынша бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Сүйінбай мен Жамбыл атындағы сыйлықтар тапсырылды. Сондай-ақ Есенқұл Жақыпбеков, Есдәулет Қандеков, Әлімқұл Жамбылов, Үмбетәлі Кәрібаев, Оразалы Досбосынов, Әсімхан Қосбасаров, Нұрғиса Тілендиев, Оспанхан Әубәкіров атындағы арнайы жүлделер табысталды.

Тақырыптық айтыс бойынша бас жүлдені Қарасай ауданынан Нұрғиса Қази жеңіп алды. I орынды Жамбыл ауылының оқушысы Жансая Бақыт иеленді. Екі II орын жетісулық Мейрамбек Болатқан мен шымкенттік Айша Бақтиярға берілді. Үш III орынға Алматы облысынан Даниал Рахимов, Алматы қаласынан Әдемі Сыбанқұл және Түркістан облысынан Аллажар Сапархан ие болды. Тақырыптық айтыс бойынша арнайы жүлделер Батыс Қазақстан облысынан келген Бекарыс Дайрабай, алматылық Оразалы Смағұлұлы, Жамбыл облысынан Маржан Серік, Алматы облысынан Несіпәлі Сәрсенбекке бұйырды.

Қазылар алқасы қайым айтыстың бас жүлдесіне Шымкент қаласынан Исламәлі Біржанұлын лайық деп тапты. Ал I орын Қостанай облысынан келген Нұрислам Рагатқа берілді. Екінші орындарға Алматы облысынан Ботакөз Рауанқызы мен Алматы қаласынан Дастан Әкімхан ие болды. Үшінші орынның үш жүлдесі Жамбыл ауданынан Диана Қанайбек, Атырау облысынан ат арытып келген Мадияр Мұхит және Шығыс Қазақстан облысынан Мұхтар Мұратханұлына берілді.

Бұл айтыстың арнайы жүлделері маңғыстаулық Әлихан Қыдырбеков, Алматы облысынан Назерке Ахметбек, түркістандық Архат Абай, ақтөбелік Әбдұлқадыр Жұмаханға тапсырылды.

Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертас тағайындаған арнайы жүлде маңғыстаулық Қызылгүл Сейдуллаева мен қарағандылық Шұғыла Манарбекке ұсынылды. Сонымен қатар Сүйінбай музейінің меңгерушісі Гүлзат Асқарова түркістандық Инабат Нағашыбайға «Жыр сүлейі Сүйінбайдың домбырасы», ал Жамбыл музейінің меңгерушісі Салтанат Жамбылова қостанайлық Әбдікадыр Санжарға «Жыр дүлдүлі Жамбылдың домбырасы» сыйлықтарын тапсырды. Сондай-ақ «Әділет» партиясының аудандық бөлімшесі, ауылдық ақсақалдар кеңесі де жас ақындарға сый-сияпат көрсетті. Жалпы сөз сайысына түскен қатысушылардың ешқайсысы да жыр жампозы Жамбыл жерінен құрықол қайтқан жоқ. Бас жүлде иегерлеріне 150 мың теңгелік сертификат, 1-орын жеңімпаздарына 100 мың теңгелік, 2-орын үшін 80 мың теңгелік, 3-орынның әрқайсысына 50 мың теңгелік, арнайы жүлде иегерлеріне 30 мың теңгелік ақшалай сыйлық және ынталандыру мақсатында қатысушыларға бағалы сыйлық – смарт сағаттар табысталды. Аудандық білім бөлімі айтыстың барлық қатысушысына «Жамбыл естеліктері» атты кітапты таратты.

Айтысты өткізудегі мақсат – оқушылар арасында Жамбылдың шығармаларын насихаттау, тума талант, табиғи дарындарды анықтап, олардың суырыпсалмалық қабілеттерін шыңдау, оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, жас ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, олармен шығармашылық жұмысты жандандыру. «Жыр алыбы – Жамбыл» атты айтыс осы мақсат үдесінен шықты деуге негіз бар. Мұны қазылар алқасының мүшесі, жазушы Күмісжан Байжан атап өтті. Ұйымдастыру жағы да жоғары деңгейден көрінді. Жас ақындар өңірдің көрікті жерлеріне саяхаттады.

Жамбыл ауданы

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

Алматы облысы аудандары мен қалаларында дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Ауылым – алтын бесігім!» атты Мәдениет күндері байқауы Райымбек ауданында жалғасын тапты.

Ауылым – алтын бесігім!

● Ақерке БИЖАН

Өңірдегі өнерпаздардың деңгейін арттырып, талантты жастарды қолдауды мақсат ететін шарада Райымбек ауданының мәдениет саласы өкілдері салт пен дәстүрді, шеберлік пен шығармашылықты бір арнаға тоғыстырды. Мәдени шара ауылдың рухани әлеуетін айшықтап қана қоймай, ұлттық мұраның бүгінгі ұрпақ үшін де бағасы биік екенін тағы бір мәрте аңғартты.

Мерекелік шара Баққожа Мұқай атындағы аудандық Мәдениет үйінде қонақтардың ұлттық қолөнер бұйымдары мен шығармашылық жұмыстар қойылған көрмені тамашалауынан басталды. Көздің жауын алатын бұйымдардың әрқайсысынан бабадан қалған бедер, шебердің қолтаңбасы, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымының ізі сезілгендей. Ағашқа жан бітіріп, оюға өрнек дарытқан, қарапайым дүниенің өзінен көркемдік тапқан қолөнер иелерінің еңбегі – ұлттың эстетикалық талғамы мен танымдық зердесінің көрінісі.

Райымбек аудандық «Хантәңірі» халық театрының қойылымы көрерменді өнер әлеміне жетелеп, мерекелік шараның шымылдығын ашты. Өңірдің мәдениет деңгейін сараптап, өз бағасын беретін қазылар алқасы да ерекше құрметпен таныстырылды. Атап айтсақ, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмаров, «Құрмет» орденінің иегері, Ұста Дәркембай атындағы қолөнер музейінің директоры Дәулет Дәркембайұлы, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Алтынай» мемлекеттік халық биі ансамблінің бас балетмейстері Ғазиза Әбдиева, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық филиалының директоры Ержан Тоқтар, әнші, Мәдениет саласының үздігі, Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның әншісі Мәншүк Тұрсынғазина мен Мәдениет саласының үздігі, филармонияға қарасты «Қобыз сарыны» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің көркемдік жетекшісі Бекназар Құрмашұлы ауыл мәдениетінің озық үлгісіне куә болып, лайықты бағасын беру үшін шекаралы ауданға арнайы ат басын бұрып, кереметтей кештің куәсі болды.



Мәдени шара барысында алғашқы құттықтау сөз кезегі облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Әнуар Үмбетәлиевке және облыстық халық шығармашылығы орталығының директоры Олжас Атаевқа берілді. Іс-шараның салтанатты ашылу рәсімі өз мәресіне жетіп, келесі кезекте көрермен назарына аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасы ұсынылды. Мың бұрала билеген қыздар, әуелете ән салған жезтаңдай әншілер, көріністегі сахна мәдениетіне еркін төселіп, өз рөлін қалтқысыз сомдаған өнерпаздар аудан мәдениетінің жаңа деңгейге көтерілгенін жан-жақты көрсете білді.

Ауқымды іс-шараға атсалысқан әрбір өнерпаздың, сала қызметкерлерінің мақсаты бір: туған өлкенің мәдени байлығын көпшілікке таныту, өнерге ынтық жас буынға үлгі көрсету, дәстүрлі мұраның өміршеңдігін паш ету. Өнер бәйгесі шығармашылық қабілетті шыңдаумен қатар, ауыл адамдарының еңбегіне құрметпен қарауға, ұлттық құндылықтарды бағалауға үндейді.

Хантәңірінің асқақ шыңдарына қарап бой түзеген Райымбек ауданында өткен бұл мәдени шара ауылдың рухани әлеуетін танытып, ұлттық өнердің мерейін үстем етті. Өйткені ауыл – қазақтың алтын бесігі ғана емес, елдіктің тамыры, өнердің тұғыры, болашақтың бастауы. Сол бесіктің тербелісі тоқтамай, әні мен жыры ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бергей!

Райымбек ауданы

ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

ЕРЛІККЕ ТОЛЫ ӘРБІР СӘТ

19 қазан – елімізде Құтқарушылар күні деп белгіленген. Бұл – ерлік пен қайсарлықтың нағыз үлгісі болған өрт сөндірушілердің, азаматтық қорғаныс қызметкерлерінің, төтенше жағдайды жоюға қатысатын, судағы қауіп-қатерден құтқару қызметінде еңбек ететін ержүрек азаматтардың кәсіби мерекесі. Осы орайда Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы №3 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау капитаны Мұхтар Жолдыбайұлымен кездесіп, құтқару қызметі туралы сұрап-білдік.

● Құралай МҰРАТҚЫЗЫ



Жауын-шашынсыз жазғы маусымда, шөп құрайтын күздігүні, от жағу маусымы – қыста, айналаны тазартып, күл-қоқысты өртейтін көктемде өрт сөндірушілерге тыным жоқ. Яғни олар жыл он екі ай қызыл оттың жалыны, тұншықтырар түтінінен талай елді құтқарып, мал-мүлкін аман алып қалуға тер төгеді. Мұның сыртында тасқын су, сел мен көшкін, жер сілкінісі кезінде де құтқарушылар алдыңғы шепте жүреді. Олар кез келген төтенше жағдайға әрдайым сақадай сай тұрады.

«Төтенше жағдай қашан және қайда болатынын ешкім болжап біле алмайды. Сондықтан біздің жедел және жан-жақты ойластырған әрекетіміз арқылы адам өмірін сақтап қалуға ұмтыламыз. Бұл – үлкен жауапкершілік», – деген Мұхтар Жолдыбайұлы азаматтық қорғаныс саласына 29 жасында келген. 2007 жылы өрт сөндіруші, 2009-2018 жылдары бөлімше командирі, 2019 жылдан бастап қарауыл бастығы, 2021 жылы №6 өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары, ал 2022 жылдан бастап бөлім бастығы қызметінде.

«Соңғы жылдары азаматтық қорғаныс саласы қарыштап алға басып келеді. Төтенше жағдайлар министрлігінің құрылғанына 30 жыл толуына орай бөлімге өрт сөндіретін «Камаз АЦ-3-40» және таулы аймаққа шығуға өте ыңғайлы «Toyota Hilux» автокөлігі берілді. Материалдық-техникалық базамыз толық. Жалпы 11 техника бар. 2025 жылдың тамыз айынан бастап басында үйі жоқ өрт сөндірушілер отбасының әр мүшесіне 70 мың теңге шамасында пәтерақы төленіп жатыр. Бұл қадам мамандықтың беделін көтеріп, азаматтардың осы салаға жұмысқа орналасуға деген қызығушылығын арттырады деп сенемін», – деген Мұхтар Жолдыбайұлы азаматтық қорғаныс саласы елі үшін еңбек ететін, нағыз партиот жандарды шыңдап шығаратын орта екенін айтты.

Бүгінде №3 өрт сөндіру бөлімінде кадр тапшылығы сезіледі. Бір өрт сөндірушінің және төрт жүргізушінің орны бос тұрғандықтан, тәуліктік ауысымның арасын жиілеткен. Бөлінген штат саны аудан орталығы Есікте – 38 және Шелек ауылында – 25 адам. Мұның өзі 8,3 шаршы шақырымға созылып жатқан әрі 300 мыңға жуық халқы бар Еңбекшіқазақ ауданы үшін тым аз. Есік қаласындағы өрт сөндіру бөлімінің қызмет көрсету аумағы көршілес Талғар ауданымен шекаралас жатқан Азат ауылынан бастап, Бәйтерек, солтүстіктегі Космос, Алға ауылдары, шығыста Бәйдібек би ауылына дейінгі ара қашықтықты қамтиды. Тиісінше, Шелек ауылындағы өрт сөндіру бөлімі Бәйдібек би ауылынан ары қарайғы аумаққа жауапты.

Облыс бойынша соңғы жылдары бірнеше өрт сөндіру бөлімі ашылды. Өңірде елдімекендердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі жан-жақты қалыптасып келеді. Осы орайда «Ауыл құтқарушылары» ерікті өрт сөндіру пункттерін ерекше атап өткен жөн.

«Бүгінде Балтабай ауылында осындай бір пункт жұмыс істеп тұр. Мұнда өрт сөндіруші «Камаз АЦ-7-40», «УАЗ» автокөлігі және төрт қызметкер бар. Әрине, еріктілер өрт сөндіру машығын меңгерген, бірақ кәсіби маман емес. Сондықтан өрт сөндіру техникасын үйретіп, оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізіп тұрамыз. Төтенше жағдай кезінде әр секунд маңызды. Осындайда ауылдарда орналасқан құтқарушылар тобы оқиға орнына алғашқылардың бірі болып жетіп, өртті оқшаулауға, көмегін тигізеді. Осы орайда ауылдық округ әкімдерімен кездесіп, «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы туралы түсіндіріп, мүмкіндік болса, қолға алу туралы ұсыныс айтылды. Мысалы Түрген, Қырбалтабай, Саймасай ауылдық округтерінде дайын жер учаскелері бар. Ауданның аумағы үлкен болғандықтан, мұндай жоба бірнеше ауылда ашылса жақсы болар еді», – дейді кейіпкеріміз.

Көмек демекші, Ават, Балтабай, Бәйтерек, Қаракемер, Рахат және Ташкенсаз ауылдық округтерінің әкімдіктеріне қарасты өрт сөндіру бекеттері бар. Ол да – өрт сөндірушілер үшін үлкен көмек.

«Мұндағы қызметкерлерге өрттің тактикалары туралы дәріс оқытылады. Олар өртке тікелей кірмейді. Әр постта өрт сөндіру техникасы болмағанымен, шағын тіркеме мен 1 тонналық бөшке бар. Дала өрті болған жағдайда, шағын аумақта қоқыс өртенсе өрт сөндіру посттарының қызметкерлері өз күштерімен сөндіре береді», – деген өрт сөндірушіден оқиға болған жерге жылдам жетуде қандай кедергілерге кездесетіндерін сұрадық.

«Өрт болған жерге дер кезінде жетуге негізгі кедергінің бірі – жолдағы көліктің көптігі, кептеліс. Өкінішке қарай, арнайы техникаға жол беру керектігін кей жүргізушілер ескере бермейді. Одан бөлек, кей жерлерде жолдың тарлығы тағы бар. Көпқабатты тұрғын үйлердің айналасына бетоннан бөгет қойып қоятын жағдайлар да жиі кездеседі. Ондайды көріп қалсақ, тұрғындарға ескертіп, төтенше жағдай орын алғанда техниканың дер кезінде қажетті жерге жетуіне кедергі келтіретінін айтамыз. Қауіптің алдын алу мақсатында мұндай ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын үнемі жүргізіп отырамыз. Өрт болған жағдайда қалай шұғыл әрекет ету керектігін ересектер ғана емес, балалар да білуі керек. Осы орайда аудандағы білім ошақтарын да аралап, оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізіп отырамыз», – дейді ол.

Биыл Еңбекшіқазақ ауданында жыл басынан бері 782 өрт оқиғасы тіркеліпті. Оның басым бөлігі – дала өрті. Солардың ішіндегі ең үлкені – шілде айының жиырмасында Бәйдібек би ауылындағы таулы аумақта және 19 қыркүйекте Қайназар ауылы аумағында тіркелген өрт. Бәйдібек би ауылындағы өрт 4 га жерге жайылған. Ал Қайназар ауылының жоғары жағында от 13 га аумақты шарпыды.

«Шөптің қалыңдығы, ағаш, бұталардың биіктігі, сол күнгі ауа райы да қызыл жалында дер кезінде ауыздықтауда біраз қиындық тудырды. Желдің екпіні күшті әрі ауыспалы болған соң өрт те бағытын жиі ауыстырып, көшіп отырды. Өртті өшіруге облыстағы өзге аудандардың құтқарушылары да көмекке келді. Жалпы саны 52 қызметкер мен 9 техника, сондай-ақ Ават ауылындағы карьерден су тасып, «МИ-8» тікұшағы жұмылдырылды», – деген Мұхтар Жолдыбайұлы төтенше жағдайдың салдарымен күрескеннен гөрі, оның алдын алу әлдеқайда оңай әрі шығынсыз болатынын айтып, тұрғындарды өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырды. Оның айтуынша, өрттің басым бөлігі қарапайым қауіпсіздік ережелерін елемеуден туындайды. Әсіресе жаз мезгілінде құрғақ шөпті өртеу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастау, от жағу кезінде сақтық шараларын ұмыт қалдыру орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін.

Ел тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін өз басын бәйгеге тігіп, талай жанның өмірін лапылдаған оттан да, жан-жағын жайпаған қызыл судан да аман алып қалатын құтқарушылардың еңбегі ерен.

Еңбекшіқазақ ауданы

САҒЫНЫШ

ТАУЛАРЫМ – МЕНІҢ ТАҒДЫРЫМ!

Кеген аудандық Мәдениет үйінде қазақ журналистикасы мен әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан, туған жердің шежіресін жүрегіне түйіп, елдің мұңы мен қуанышын қаламына арқау еткен ақын, қаламы қарымды журналист, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, әріптесіміз Қанат Біржансалұлының рухына арналған «Тауларым – менің тағдырым» атты еске алу кеші өтті.



● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

1962 жылы 7 шілдеде дүниеге келген Қанат Біржансалұлы еңбек жолын туған ауылында бастап, кейін бүкіл ғұмырын баспасөз саласына арнады. Нарынқол өңірінен басталған журналистік жолы оны Алматы облыстық газетіне дейін жетелеп, Райымбек, Кеген, Үйғыр аудандарының тыныс-тіршілігін кеңінен насихаттаған білікті журналист ретінде елге танылды. Қанат Біржансалұлының журналистикадағы еңбегі мен әдебиеттегі ізденісі өзара сабақтасып жатты. «Қарашада қара үй тұр», «Соғыстың соңғы солдаттары» атты тарихи-танымдық еңбектері мен «Мөлдір моншақ», «Тәңіртауға табынам», «Тәңіртауым, тәтті мекенім!» атты жыр жинақтары – қаламгердің шығармашылық мұрасының жарқын көрінісі. Еңбектері лайықты бағаланып, «Қазақстанның Құрметті журналисі» төсбелгісімен және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Кешке Кеген ауданы әкімінің міндетін атқарушы Мұхтар Батырханұлы, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, жазушы Бейбіт Сарыбай, «Өлке тынысы» ЖШС директорының кеңесшісі, ақын Кәдірбек Құныпияұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шыңғыс Тұрсынов, зиялы қауым өкілдері, ақынның замандастары, әріптестері және туған-туыстары қатысты.

Сахна шымылдығы ақынның өмірі мен шығармашылық жолы туралы бейнебаянмен ашылды. Еске алу шарасы аясында Кеген халық театрының дайындауымен режиссер Аршын Нұрбақыттың қаламгер өмірінен сыр тартқан «Ар алдында» атты театрландырылған қойылымы көпшілік назарына ұсынылды. Адамның ғұмыры жылдарымен ғана өлшенбейді. Оның өмірі халқына сіңірген еңбегімен, қалдырған өнегесімен, жүректерде сақталған жарқын бейнесімен бағаланады. Бұл кеш өткенді еске алу ғана емес, өнегелі өмірге тағзым ету, жақсы адамның есімін ұрпақ жадында жаңғырту болды.

Шарада алғашқы сөз алған Кеген ауданы әкімінің міндетін атқарушы Мұхтар Батырханұлы:

– Қанат Біржансалұлы саналы ғұмырын журналистикаға арнап, туған өлкенің тыныс-тіршілігін, елдің тарихын, халықтың болмысын өз шығармаларына арқау етті. Оның ойлы да сырлы жырлары, тарихи-танымдық еңбектері мен жүрекке жететін мақалалары оқырман қауымның жадында сақталып, рухани қазынамыздың құнды бөлігіне айналды. Ақынның шығармашылығында туған жер тақырыбы айрықша орын алады. Сондықтан да оның өлеңдерін оқығанда туған өлкенің тынысын сезініп, қасиетті топырақтың қадірін тереңірек түсінеміз. Жазушының өмірі тоқтағанымен, оның шығармалары ел жадында мәңгі сақталады. Оның артында іздейтін отбасы, туыстары, қалың оқырманы бар, – дей келе, ақынның жары Кеңесгүл Шашаукызының иығына камзол жауып, ҚР Құрылтай депутаты Нұрбақыт Теңізбаевтың құттықтау хатын табыстады. Мұнан соң Қанат Біржансалұлы ақындық пен журналистиканың қос тізгінін тең ұстаған азамат екенін айтқан жазушы Бейбіт Сарыбай Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасы Мереке Құлкеновтің құттықтау хатын оқыды.

Кеш барысында Райымбек ауданынан арнайы келген қонақтар өңір әкімі Дастан Құдабаевтың ыстық сәлемін жеткізіп, жүрекжарды лебіздерін білдірді. Қаламгермен қатар жүрген сақа журналистер – Қанат Тәкебаев, Нүсіпбай Әбдірахым, Жұмабек Тәліпұлы, Марат Тақабаев, Шыңғыс Тұрсынов өткен күндерден сыр шертті. Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев пен «Өлке тынысы» ЖШС директоры Ерлан Жұрынбаевтың құттықтау хаттарын ақын Кәдірбек Құныпияұлы оқып берді.

Еске алу кешінің мән-маңызын арттырып отырған ерекше оқиға – Қанат Біржансалұлының жаңадан жарық көрген «Тауларым – менің тағдырым» атты кітабының оқырманға жол тартуы. Бұл кітап – ақынның артында қалған асыл мұрасын түгендеп, рухани қазынасын келер ұрпаққа жеткізетін құнды дүние. Кітаптың атауының өзінде үлкен сыр, терең мағына жатыр. Таулар – Қанат ақынның туған жері ғана емес, оның рухани әлемі, өмірлік ұстанымы, ақындық болмысының ажырамас бөлігі.

Көзі тірі болғанда Қанат Біржансалұлы биыл 64 жасқа толар еді. Еске алу кешінде ақынның үзеңгілес достары Болат Абаған, ақындар Сәлім Жусанбай, Шеризат Мекебаев, Нұрболат Тастанқұлов, Жұматай Әміреев сөз сөйлеп, қаламы қуатты жазушының шығармашылығына үңілді. Қаламгердің журналистика мен әдебиеттегі ізденістері кеңінен сөз болды. Ақынның қызы Индира Біржансал:

– Бүгін сіздердің алдарыңызға ұсынып отырған «Тауларым – менің тағдырым» атты кітаптың дүниеге келуіне үш жыл уақыт кетті. Әкемнің тағдыры туған жердің тауларымен біте-қайнасып жатты. Ол тауларды жырлады, туған жерін жазды, елінің тарихын түгендеді. Осы кітаптың жарық көруіне атсалысқан, қолдау білдірген барша жанға шын жүректен алғысымды білдіремін. Әсіресе ақылын айтып, дем берген Болат Абағаң ағамызға ерекше ризамын. Әкемнен қалған мұраны жинақтау арқылы мен өзімнің де өмірлік жолымды тереңірек таныдым. Сіз үйреткен сөзді қадірлеп, өзіңіз сүйген журналистика жолын мен де таңдадым. Қадамым сіздің қадамыңызға жетпесе де, бағытым сіз көрсеткен жаққа қарайды. Қызыңыз әлі де сізге қарап бой түзейді, – деп әкесін сағынышпен еске алды.

Кеште Сәдуақас Серкебаев атындағы орта мектеп-гимназиясының оқушылары ақын өлеңдерінен композиция ұсынып, «Ереуіл» халықтық фольклорлық-этнографиялық ансамблі «Қызыл қайың серпер» күйін орындады. Дәстүрлі әнші Байбала Нұрымның орындауындағы Шәмші Қалдаяқовтың «Қаракөз» әні көпшіліктің көңілінен шықты. Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның әншілері Ербол Құдайбергенов, Жігер Омархан кештің көрігін қыздырды. Әнші Тұрсын Жеңісұлы ақынның сөзіне жазылған «Киелі мекен – Үшқақпақ» әнін құйқылжыта шырқады. Сондай-ақ іс-шара аясында қаламгердің өмірі мен шығармашылығына арналған кітап және фотокөрме ұйымдастырылды.

Шара барысында Қанат Біржансалды еске алуға арналған ардагерлер арасында волейбол турнирі өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы кубок, медаль, диплом және ақшалай сыйлықтар табысталды. Кеш соңында қаламгер рухына Құран бағышталып, ас берілді.

Кеген ауданы

КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

Қиындыққа мойымаған қос шебер

Іле аудандық ардагерлер ұйымының бастамасымен Байкент ауылдық Мәдениет үйінде «Іскерлік және жанашырлық» атты пилоттық жоба аясында қолөнер шеберлерімен кездесу өтті. Мақсаты – өмірдің түрлі сынағына қарамастан еңбек етіп, өз кәсібін қалыптастырып, қоғамға пайдасын тигізіп жүрген азаматтардың өмір жолын насихаттау, еңбегін бағалау және кәсіпкерлік пен ұлттық қолөнерді дамытуға қолдау көрсету.



Кездесуге келген Ержан Нұрмұхамбетов пен Жеңісгүл Дәулетова есімді қолөнер шеберлерінің өмір жолы көпшілікке таныстырылды. Олар тағдыр тәлкегіне ұшырап, өмірде кездескен ауыр сынақтарға қарамастан кәсіппен айналысып, көпшілікке еңбек етудің үлгісін көрсетіп келеді.

Ержан Нұрмұхамбетов – ағаш ұстасы әрі қолөнер шебері, төрт баланың әкесі. Өз кәсібін үй жағдайында бастаған ол бүгінде ағаш өңдеу өнерімен айналысып, домбыра жасайды. Сонымен қатар өз үйінде аяқ киім жөндеу қызметін көрсетеді. Ержанның өмір жолында күтпеген ауыр сынақ болған. Алайда өмірден өз орнын табуға талпынып, адал еңбекпен нәпақасын тауып отырған оның табандылығы – көпке үлгі.

М.Түймебаев ауылының тұрғыны Жеңісгүл Дәулетова – ұлттық қолөнер шебері және қоғамдық белсенді. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің түлегі мүгедектігі бар жан ретінде өмірдің қиын сынақтарына қарамастан өзіне сенім артып, еңбек жолын жалғастыруда. 20 жылдан астам уақыт бойы қазақ халқының дәстүрлі қолөнерін жаңғырту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында жұмыс істеп келеді. Шебердің туындылары ұлттық нақышымен, көркемдік ерекшелігімен және шығармашылық ізденісімен ерекшеленеді. Ол қолөнерді тек шығармашылық бағыт ретінде ғана емес, кәсіп ретінде де дамытып, кәсіпкер әйелдерді қолдауға және жас шеберлерге бағыт-бағдар беруге атсалысып жүр. Жеңісгүл Дәулетова 2024 жылы республикалық «Жан шуақ» премиясының «Кәсіпкерлікке қосқан үлесі үшін» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Сондай-ақ «Бір ауыл – бір өнім» республикалық жобасында топ жарды.

Кездесу барысында қос шебер өздерінің өмір жолы, кәсіпке келуі, шығармашылық ізденістері мен еңбек жолындағы қиындықтары туралы кеңінен әңгімеледі.

Тағылымды кездесудің мазмұнын өнерпаздардың концерті толықтырды. Әншілер мен «Ұлағат» ардагерлер ансамблі әннен шашу шашып, кездесудің көркін қыздырып, жиналғандарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Жұлдыз БҰЗАУҚЫЗЫ,
Байкент ауылдық Мәдениет үйінің директоры
Іле ауданы

Таза Қазақстан

Қонаевта «World Cleanup Day – 2026» халықаралық экологиялық акциясы мен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясында тазалық шарасы ұйымдастырылды. Қала аумағының үш бөлігін қамтыған сенбілікке 500-ге жуық адам қатысып, 650 қап қоқыс жиналды.

Тазалық – ортақ міндет

● Алтынай СЕЙІТКЕН

Қонаев қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен экологиялық акция №7 саяжайда, 10-шағынауданда және Абай көшесінде ұйымдастырылды. Оған волонтерлер, қала тұрғындары мен басқарма қызметкерлері белсене қатысты.

Шараның негізгі мақсаты – қоршаған ортаны таза ұстау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және табиғатқа деген жауапкершілікті арттыру. Тазалық жұмыстары жүргізілген аумақтардың бірі – Қонаев қаласына қарасты №7 саяжай. Қатысушылар саяжай аумағын тұрмыстық қалдықтардан тазартып, қоршаған ортаның көркеюіне үлес қосты. Сенбілік барысында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының бөлім басшысы Дулатбек Серікұлымен тілдесіп, экологиялық акцияның маңызы туралы сұрадық. Оның айтуынша, мұндай шаралар қоршаған ортаны қорғаумен қатар, тұрғындардың табиғатқа деген жанашырлығын арттыруға ықпал етеді.

– «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынды. Сенбіліктер қоршаған ортаны қорғауға, тазалықты сақтауға және экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған. Бұл – халқымыздың рухани тазалығымен де сабақтас маңызды іс. Сондықтан басқарма қызметкерлерімен бірге апта сайын осындай шараларға белсене атсалысамыз. Тазалық әр адамның өзінен басталады, – деді Дулатбек Серікұлы.

«Green School» жобасы аясында өткен экологиялық акцияның нәтижесінде 650 қап қоқыс жиналды. 500-ге жуық адамның ортақ іске жұмылуы тұрғындардың қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін танытты. Тазалық – баршаға ортақ міндет. Осындай игі бастамалар қаланың көркеюіне ықпал етіп қана қоймай, табиғатты аялау мен қоршаған ортаны таза ұстаудың маңызын ұғындырады.

Қонаев қаласы



АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС
Директор: Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ
Бас редактор: Қуаныш ТҰНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары: Алма ЕСЕНБАЙ
Бас редактордың орынбасары: Болат МӘЖИТ
Жауапты хатшы: Шолпан НҰРЖАУОВА
Веб-сайт редакторы: Алтынай СЕЙІТКЕН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11
Үйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25
Райымбек ауданы – Ақерке БИЖАН 8 771 847 37 26

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жаухар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 2420

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде,
«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823.
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Құралбек СӘБИТОВ